

DOI: <https://doi.org/10.47344/sdu%20bulletin.v58i1.1159>

В. Г. Бостанов¹, Д. Н. Төлбасы^{2*}

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

²С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең, Қазақстан

*e-mail: daurentolbassy@gmail.com

ОҚУШЫЛАРҒА СЫЗЫҚТЫҚ ТЕНДЕУЛЕР ЖҮЙЕСІН КОМПЬЮТЕРЛІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ҚОЛДАНЫП ОҚЫТУ ӘДІСТЕРИ

Анната. Бұл мақалада математиканы электронды оқытудың болашақ дамуы үшін ерекше маңызы бар дамыған технологиялар мен GeoGebra қосымшасы арқылы оқытудың тиімділіктері көрсетілген. GeoGebra - бұл геометрия, алгебра, статистика және математикалық талдау бойынша интерактивті қосымша, математика мен жаратылыштану пәндерін бастауыш сыныптан университет деңгейіне дейін оқытып, үйретуге мүмкіндік беретін арнайы программалық орта. Оны белсенді және проблемалы-бағытталған оқыту үшін сыныпта да, үйде де математикалық тәжірибелер мен жаңашылдықтарға қолдануға болады. Бұл жұмыста біз математикалық есептерді құру, шешу және суреттеу, сызбалар мен графиктер сыйзу үшін жоғарыда аталған бағдарламалық жасақтаманы колданудың әскізін көрсетеміз. Сонымен бірге екі айнымалы бар сзызықтық теңдеулер жүйесін GeoGebra қосымшасында пайдаланып, шешу алгоритмі сипатталады.

Түйін сөздер: GeoGebra, мектеп математикасы, шығармашылық орта, дидактикалық, эксперимент, технология.

Kіріспе

Математикалық цифрлық құралдар бірлесіп шығармашылықпен жұмыс жасауға және өздігінен оқып үйренуде өте тиімді (Джоши, 2017) [1]. Цифрлық білім ресурстары оқушыларды жан-жақты оқуға ынталандырады, әрі математикалық модельдеуді, математикалық формалар мен фигуralарды визуализациялауға үйретеді. Өздігінен оқу,

технология және интеллект негізінде оқыту - қазіргі заманғы педагогикалық практикада қолданылуы шарт негізгі контексттердің бірі болып саналады [2].

Мұндағы негізгі мақсатымыз - ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) құралдарын, арнайы математикалық пакеттерді, соның ішінде GeoGebra қосымшасын қолдана отырып, проблемалық оқыту ретінде сыйықтық тендеулер жүйесін шешу әдісін ұсыну болып табылады. Шадаан [3], Арбайн мен Шукор [4], Дикович [5], Окал [6], Зулнайди мен Замри [7] секілді ғалымдардың жасаған зерттеу нәтижелері бойынша математиканы үйренуде, математикалық түсінік қалыптастыруды, есеп шығаруда өздеріне деген сенімдерін арттырып, математиканы оқуға қызығушылықтарын арттыруды оқушылар GeoGebra-ның пайдалы әрі қызықты құрал екендігін жоғары бағалады. Мұнда олар есептер шығару барысында интербелсенді негізгі құрал ретінде GeoGebra геометриялық ортасын қолданған.

GeoGebra - бұл геометрияны, алгебраны және математикалық есептеулерді біріктіретін, еркін білім беретін математикалық бағдарлама. GeoGebra – планиметрияда сывзыш пен циркульдің көмегімен «тірі сыйбалар» жасауға мүмкіндік беретін еркін таратылатын(GPL) геометриялық динамикалық орта. Бағдарламаның авторы Маркус Хохенвартер, 49 тілге аударылған, Java тілінде жазылған ең қолайлы бағдарламалардың бірегейі.

Соңғы онжылдықта зерттеушілер мен мұғалімдердің қызығушылығын оятып жүрген динамикалық геометрия жүйесі немесе интерактивті геометриялық жүйе, анимациялы математика десек те болады. Бүгінде интерактивті геометриялық жүйе (ИГЖ) екіге бөлінеді:

- Екі өлшемді геометрия бағдарламаларына (2D): Cabri Geometry, The Geometer's Sketchpad (орысша «Живая математика»), GeoGebra, GeoNext.
- Ыш өлшемді геометрия бағдарламаларына Archimedes Geo3D, Geometria, Geogebra (5.0 нұсқасы) жатқызуға болады.

GeoGebra - анықталған интегралдарды оқытуда [8], функция [9], үшбұрыш [10], арифметика [11], шенбер [3], тригонометриялық функциялар [12], туындылар [6], геометрия [13], бөлшек [14], тригонометрия [2], аналитикалық геометрия [15], координаттық геометрия [16], статистика және дифференциалды есептеулерде [5] тиімді. Бұл зерттеулер GeoGebra-ның маңыздылығын және қолданысқа ынғайлыштың әрі

тиімді екенін көрсетеді.

Математиканы оқыту процесінде АКТ құралдарын қолданудың артықшылықтары мен пайдасы жайында көптеген ғылыми-әдістемелік жұмыстар жазылған. Оку үдерісінде интербелсенді геометриялық жүйелерді қолдану, ғалымдар мен оқытушылардың зерттеу жұмыстарының өзекті бағыттарының бірі болып табылады:

- Математикалық конструкторор жүйесінде моделдер мен оқу материалдарын құрастыру.
- Математикалық конструкторор жүйесі арқылы оқушылардың логикалық-визуалды ойлау қабілеттерін арттыру.
- 5-6 сынып оқушыларына математиканы оқыту барысында интерактивті геометриялық жүйені қолдану арқылы креативті ойлау қабілеттерін дамыту.
- Теоремалармен жұмыс жасаудың ір бөлігінде GeoGebra қосымшасын пайдаланудың артықшылықтары.
- Оку және әдістемелік қолданыста GeoGebra-ның беретін функционалды мүмкіндіктері және т.б.

Қосымшаны GeoGebra – ның сайтынан жүктеп алуға болады (<https://www.geogebra.org>), ал ақпарат пен тәжірибе алмасу мақсатында үнемі жаңарап отыратын методикалық және дидактикалық материалдарды қамтитын GeoGebraTube (<http://www.geogebratube.org>) вебсервисін қолдануға болады. GeoGebra динамикалық геометрия бағдарламасының компьютерлік құралдары, негізгі геометриялық объектілерді (нұкте, сзыық, шеңбер, вектор, көпбұрыш, бұрыш) және геометриялық объектілерде қосымша операцияларды іске асыруға (мысалға, кесіндіні қақ бөлу, бұрышты N тең бөліктерге бөлу, кесіндінің ұзындығын өлшеу, бұрыштың шамасын өлшеу және басқалары) мүмкіндік беретін стандартты құралдар жиынтығын қамтиды. Компьютерлік құралдардан басқа, деректерді, пәрмендер мен функцияларды пернетақтадан тікелей енгізуге болады. Осылайша, GeoGebra құралдары мен командаларының көмегімен геометриялық объектілердің құрылышымен қоса алгебралық есептеулерді де жасауға болады.

Жүйенің шешімін құру идеясы сол теңдеулерді функцияның графикалық жүйесіне енгізу мен оларды талдау арқылы жүзеге асатын болады. Яғни: а) оқушылар графиктерді қолдана отырып, теңдеулер жүйесін шеше алады; ә) оқушылар теңдеулер жүйесін алмастыру тәсілі арқылы шешіп, өз жұмыстарын GeoGebra-да сыйған графиктері арқылы тексерे алады; б)

берілген қылышу нүктесі арқылы екі қылышатын тұзу жасай біледі; в) тұзулердің қылышу нүктесін табу арқылы теңдеулер жүйесінің шешімін көре алады. Нәтижесінде теңдеулер жүйесінің шешімі деген ұғымның не екендігін түсінеді. Мектеп бағдарламасының аясында берілетін жүйенің әр теңдеуі келесі жағдайларды береді:

- нүкте;
- қылышатын тұзулер;
- сәйкес келетін тұзулер;
- параллель тұзулер.

Тендеулер жүйесі, әсіресе екі айнымалысы бар теңдеулер жүйелерін шешу, мектеп алгебра курсының ең қын бөлімдерінің бірі. Тендеулер жүйесін шешу тәсілдері:

- Алмастыру тәсілі.
- Алгебралық қосу тәсілі.
- Жаңа айнымалы енгізу тәсілі.
- Функционалды-графиктік тәсіл.

Енді функциялардың графигі мен тұзудің теңдеуі тақырыбына GeoGebra программының көмегімен практикалық жұмыстың орындалу алгоритмін көрсетейік:


1. GeoGebra бағдарламасының апплетін ашып, оны жұмыс үстелінде сақтаңыз.
2. Файлға сіздің тегіңіз көрсетілген атау беріңіз.
3. Деректерді енгізу үшін жүгірткінің астында орналасқан мәзірдегі «жазу» мәтіндік жәшігін қолданыңыз.
4. Жұмыстың соңында барлық өзгерістерді сақтап, мұғалімнің поча адресіне тексеруге жіберіңіз.

GeoGebra қосымшасы арқылы моделдеу

1. Тұзудің негізгі коэффициенті мен бос мүшесіне мәндер бергенде бұтін сандарды қолданыңыз және мән беру барысында апплеттің өлшемін есепке алыңыз.
2. Осы тұзудің екі нүктесінің координаталарын есептеп, деректерді мәтіндік жәшіктің көмегімен кестеге енгіземіз.
3. Осы нүктелерді координаталық жазықтыққа орналастырып, сол нүктелерді қосу арқылы тұзу сымамыз.
4. Тұзулердің негізгі коэффициенттері әртүрлі болатында етіп алынған 2- ші тұзу үшін де дәл солай кесте толтырып, сол координаталық жазықтықта тұзуін сымамыз.
5. Тұзулердің қылышу нүктесін белгілейміз.
6. Қылышу нүктесінен координата өстеріне перпендикуляр жүргізу

арқылы нүктенің координаталарын тауып, координата өстерімен қиылышқан нүктелерді кесіндінің көмегімен байланыстырамыз.

7. Кесіндінің үзік сызыққа ауыстырымыз.
8. Әр түзудің көлбеуін анықтаймыз.
9. Тұзулердің шрифтін 9-ға ауыстырып, қалаған түспен белгілейміз.
10. Қиылышқан нүкте мен оның координаталарын қанық түспен бояп көрсетеміз.
11. Сызықтық теңдеу жүйесін оқушыларға GeoGebra қосымшасы арқылы теңдеулердің шешу жолын көрсетіп, оқушыларға геогебра қосымшасы арқылы тапсырмалар берілуі оқушылардың визуалдық ойлау қабілетінің артуына ықпал етеді. Оқушылар қосымшада екі нүкте белгілеп, сол нүктеден өтетін түзудің функциясын анықтай алады және екі функция қосымшаға салу арқылы сызықтық теңдеулердің шешімін көре алады. Енді екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулір жүйесін GeoGebra қосымшасында қолдану нұсқаулығымен танысадымыз.



1-сурет. GeoGebra программасының интерфейсі.

Тендеудің графигін құру үшін кіріс бөліміне (қызыл түспен көрсетілген) 2 координатаны жазыңыз (1-сурет). Координаттарды (x , y) ретінде енгізгенізге көз жеткізіңіз.

Графиктері тұзу болатын екі айнымалысы бар теңдеулер жүйесі $y_1 = m_1x + b_1$

$y_2 = m_2x + b_2$ түрінде берілген. Тұзулердің орналасуы мен сызықтық теңдеулер жүйесінің шешімдерінің әртүрлілігін көрсету

мақсатында m_1, b_1 ,

m_2, b_2 параметрлерін жүгірткі арқылы ауыстыруға болады.

Келесі екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді геогебра қосымшасында қолданайық.

$$\begin{cases} y_1 = -x - 1 \\ y_2 = x - 2 \end{cases}$$

тәндеуін Geogebra қосымшасына салайық.

Қосымшаға

1- суретте көрсетілген жерге $y_1 = -x - 1$ тәндеуін жазайық және пайда болған сызықтық түзуді қызыл түспен белгілейік. $m_1 = -1, b_1 = -1$ екені белгіле болды (2-сурет).

Енді қосу батырмасын басып $y_2 = x - 2$ тәндеуін жазайық және пайда болған сызықтық түзуді құлғын түспен белгілейік. $m_2 = 1, b_2 = -2$ екені белгілі болды (2-сурет). Екі сызықтық тәндеудің графигі бір нүктеде қиылышқаны көрінді. Қиылышқан нүктенің үстінен басатын болсақ нүкте $(0.5; -1.5)$ координатасын көрсетеді. Бұл нүкте екі айнымалысы бар сызықтық тәндеулер жүйесінің шешімі болып табылады.


Енді келесі екі айнымалысы бар сызықтық тәндеулер жүйесін қарастырайық.

$$\begin{cases} y_1 = 2x + 3 \\ y_2 = 2x - 2 \end{cases}$$

1-суретте көрсетілген жерге $y_1 = 2x + 3$ тәндеуін жазайық және пайда болған сызықтық түзуді көк түспен белгілейік. $m_1 = 2, b_1 = 3$ екені белгіле болды (3-сурет). Енді қосу батырмасын басып $y_2 = 2x - 2$ тәндеуін жазайық және пайда болған сызықтық түзуді қызыл түспен белгілейік. $m_2 = 1, b_2 = -2$ екені белгілі болды. 3-сурет екі сызықтық тәндеудің графигі бір-біріне параллель екені көрінді және қиылышы нүктесі табылмады. Сызықтық тәндеулердің графигі қиылышпагандықтан екі айнымалысы бар сызықтық тәндеулер жүйесінің шешімі жоқ болып табылады. Сонымен біз екі айнымалысы бар сызықтық тәндеулерге байланысты 2 түрлі шешімін көрсетеміз:


1) бір ғана шешімі бар (2-сурет);

2) түзулер параллель және оның шешімі жоқ (3-сурет);



2- сурет. Тендеулер жүйесінің шешімінің бар болуы.

2- суретте тендеулер жүйесі $A(0.5; -1.5)$ нүктесінде қиылышады. А нүктесі- тендеулер жүйесінің шешімі болып табылады.



3- сурет. Тендеулер жүйесінің шешімінің болмауы.

Сондай-ақ, мәселені кері тәртіpte қарастыруға болады: екі түзудің әрқайсысын екі нүктенің көмегімен беріп сызықтық тендеулер жүйесіне келтіруге болады. Осылайша, оқушыларға жазықтықтағы түзу мен екі айнымалысы бар сызықтық тендеу үғымдарының абстрактты мағынада бір екенін көрсете аламыз.

Корытынды

Оқушылардың Geogebra-ны тендеулер жүйесіне қолдануы, оқушылардың визуалды дамуына және ойлау қабілетінің артуына ықпал етеді. Жаңа технологиялар оқушылардың білім сапасын арттыруға, олардың ой-өрісін дамытуға мүмкіндік береді. Үнемі өзгеріп отыратын әлем адамның қабілеті мен ынтасын талап етеді. Көшбасшылық қабілетінің негізгі көрсеткіштерінің бірі – этика саласындағы ғылыми жаңалықтар мен озық тәжірибелі менгеру. Оларды күнделікті іс-әрекетте пайдалану. Сондықтан оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жалпы білім беретін пәндерді оку барысында алған білімдері мен дағдылары және еңбек пен оку процесінде ойлаудың өмірлік тәжірибесі негізінде жүзеге асырылады. Жасалған зерттеулердің нәтижесі бойынша, барлық математика мұғалімдеріне бұл бағдарламаны өз сабактарында сызықтық тендеулер жүйесін графикалданғанда арқылы шешуді үйрету барысында қолданылу өте тиімді болып табылады. Сондықтан да, оку бағдарламаларын құрастырушылар мен оқулық авторларына, сызықтық тендеулерді оқыту барысында күнтізбелік жоспар мен мектеп оқулықтарына осындағы динамикалық математикаға негізделген тақырыптарды немесе тарауларды енгізу ұсынамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Joshi,D.R.(2017). Influence of ICT in Mathematics Teaching. International Journal for Innovative Research in Multidisciplinary Field,3(1),7,11.URL:<https://education.ti.com/sites/UK/downloads/pdf/Secondary Maths Element.pdf>
2. Zengin, Y., Furkan, H., & Kutluca, T. (2012). The effect of dynamic mathematics software geogebra on student achievement in teaching of trigonometry. Procedia - Social and Behavioral Sciences, 31(2011), 183–187. <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2011.12.038>
3. Shadaan, P., & Eu, L. K. (2013). Effectiveness of Using GeoGebra on Students' Understanding in Learning Circles. Malaysia Online Journal of Educational Techology, 1(4), 1–11.
4. Arbain, N., & Shukor, N. A. (2015). The Effects of GeoGebra on Students Achievement. Procedia - Social and Behavioral Sciences, 172(2007), 208–214. <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2015.01.356>
5. Diković, L. (2009). Applications geogebra into teaching some topics of mathematics at the college level. Computer Science and Information Systems, 6(2), 191–203. <https://doi.org/10.2298/CSIS0902191D>

6. Ocal, M. F. (2017). The Effect of Geogebra on Students' Conceptual and Procedural Knowledge: The Case of Applications of Derivative. Higher Education Studies, 7(2), 67. <https://doi.org/10.5539/hes.v7n2p67>
7. Zulnaidi, H., & Zamri, S. N. A. S. (2017). The effectiveness of the geogebra software: The intermediary role of procedural knowledge on students' conceptual knowledge and their achievement in mathematics. Eurasia Journal of Mathematics, Science and Technology Education, 13(6), 2155–2180. <https://doi.org/10.12973/eurasia.2017.01219a>
8. Tatar, E., & Zengin, Y. (2016). Conceptual Understanding of Definite Integral with GeoGebra. Computers in the Schools, 33(2), 120–132. <https://doi.org/10.1080/07380569.2016.1177480>
9. Zulnaidi, H., & Zakaria, E. (2012). The effect of using GeoGebra on conceptual and procedural knowledge of high school mathematics students. Asian Social Science, 8(11), 102–106. <https://doi.org/10.5539/ass.v8n11p102>
10. Ozcakir, B., Aytekin, C., Altunkaya, B., & Doruk, B. K. (2015). Effects of Using Dynamic Geometry Activities on Eighth Grade Students' Achievement Levels and Estimation Performances in Triangles. Participatory Educational Research, 2(3), 43–54. <https://doi.org/10.17275/per.15.22.2.3>
11. Kamariah, A. B., Ahmad Fauzi, M. A., & Rohani, A. T. (2010). Exploring the effectiveness of using GeoGebra and e-transformation in teaching and learning Mathematics. Advance Educational Technologies, 19–23.
12. Ibrahim, K., & Ilyas, Y. (2016). Teaching a concept with GeoGebra: Periodicity of trigonometric functions*. Educational Research and Reviews, 11(8), 573–581. <https://doi.org/10.5897/err2016.2701>
13. Jelatu, S., Sariyasa, & Made Ardana, I. (2018). Effect of GeoGebra-aided REACT strategy on understanding of geometry concepts. International Journal of Instruction, 11(4), 325–336. <https://doi.org/10.12973/iji.2018.11421a>
14. Bulut, M., Akçakın, H. Ü., Kaya, G., & Akçakın, V. (2016). The effects of geogebra on third grade primary students' academic achievement in fractions. Mathematics Education, 11(2), 327–335. <https://doi.org/10.12973/iser.2016.2109a>
15. Khalil, M., Farooq, R. A., Çakiroglu, E., Khalil, U., & Khan, D. M. (2018). The development of mathematical achievement in analytic geometry of grade-12 students through GeoGebra activities. Eurasia Journal of Mathematics, Science and Technology Education, 14(4), 1453–1463. <https://doi.org/10.29333/ejmste/83681>
16. Saha, R. A., Ayub, A. F. M., & Tarmizi, R. A. (2010). The effects of GeoGebra on mathematics achievement: Enlightening Coordinate

Geometry learning. Procedia - Social and Behavioral Sciences, 8(5), 686– 693. <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2010.12.095>.

B. G. Bostanov¹, D. N. Tulgassy²

¹ Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

²Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan

*e-mail: daurentolbassy@gmail.com

METHODOLOGY FOR TRAINING STUDENTS IN THE SYSTEM OF LINEAR EQUATIONS USING COMPUTER PROGRAMS

Abstract. This article shows the effectiveness of teaching mathematics using Hi-tech and through application GeoGebra, which are of particular importance for the future development of e-learning of maths. GeoGebra is an interactive application for geometry, algebra, statistics and calculus, a special software environment that allows you to learn and teach mathematics and natural science from elementary school to university. It can be used for mathematical experiments and innovations both in the classroom and at home for active and problem- oriented learning. In this article, we show a sketch of the using of the above- mentioned software for creating, solving and illustrating mathematical problems, drawing plots and graphs. An algorithm for solving a system of linear equations with two variables using the GeoGebra environment is also described.

Keywords:GeoGebra, school mathematics, creative environment, didactic experiment, technology.

Б. Г.Бостанов¹, Д.Н.Тулбасы²

¹ Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан

²Университет имени Сулеймана Демиреля, г.Каскелен, Казахстан
*e-mail: daurentolbassy@gmail.com

МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ СТУДЕНТОВ СИСТЕМЕ ЛИНЕЙНЫХ УРАВНЕНИЙ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ КОМПЬЮТЕРНЫХ ПРОГРАММ

Аннотация. В этой статье показаны передовые технологии и эффективность обучения через приложение GeoGebra, которое имеет особое значение для будущего развития электронного обучения в

математике. GeoGebra-это интерактивное приложение по геометрии, алгебре, статистике и математическому анализу, специальная программная среда, которая позволяет изучать и преподавать математику и естественные науки от начального до университетского уровня. Он может быть использован для математических экспериментов и инноваций как в классе, так и дома для активного и проблемно-ориентированного обучения. В данной работе мы покажем эскиз использования вышеупомянутого программного обеспечения для создания, решения и иллюстрации математических задач, рисования чертежей и графиков. Также описан алгоритм решения системы линейных уравнений с двумя переменными с помощью приложение GeoGebra.

Ключевые слова: GeoGebra, школьная математика, творческая среда, дидактический эксперимент, технология.

Kelip tүсмі 12 Ақпан 2022